

Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 2 желтоқсанда № 21713 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі 121-бабының 4-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі А. Гиниятқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі*

А. Цой

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі 121-бабының 4-тармағына (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленді және жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы дайындалған әуе кемесі – функционалдық мақсатына және пайдалану сипаттамаларына сәйкес медициналық көмек көрсету үшін жеке қолданылатын аппараттармен, аспаптармен, жабдықтармен, кешендермен, жүйелермен жарактандырылған медициналық авиация желісі бойынша мамандандырылған операцияларды орындауға арналған әуе кемесі;

2) әуе кемесі (көлік) – жер (су) бетінен шағылысқан ауамен әрекеттесуді болғызбай, ауамен өзара әрекеттесу есебінен атмосферада қалықтайтын аппарат;

3) әуе кемесінің (көліктің) командирі – белгіленген тәртіппен тиісті оқудан өткен, ұшқыш куәлігі және осы үлгідегі әуе кемесін дербес басқару құқығына рұқсаты бар тұлға;

4) әуе компаниясы – азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының сертификаты бар заңды тұлға;

5) бейінді маман – жоғары медициналық білімі, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

6) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) денсаулық сақтау субъектілері – денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жеке медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар;

8) жедел медициналық жәрдем (бұдан әрі – ЖМЖ) – өмірге қатер төндіретін жіті аурулар мен жай-күйлер кезінде, сондай-ақ оқиға орнында және (немесе) медициналық ұйымға бару жолында денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау үшін

шұғыл және кезек күттірмейтін нысандағы медициналық көмекті ұйымдастыру жүйесі;

9) кезек күттірмейтін медициналық көмек (бұдан әрі – ККМК) – пациенттің өміріне анық қатер төндірмейтін, кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

10) клиникалық хаттама – пациенттің белгілі бір ауруы немесе жай-күйі кезіндегі профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар;

11) консилиум – кемінде үш дәрігердің қатысуымен диагноз қою, емдеу тактикасын айқындау және ауруды болжау мақсатында адамды зерттеу;

12) қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтер – аурулар мен жарақаттардың диагностикасы, оларды емдеу, медициналық оңалту және олардың профилактикасы, медицина қызметкерлерінің өзара, жеке тұлғалармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен қашықтықтан өзара іс-қимыл жасауын, көрсетілген адамдарды сәйкестендіруді, сондай-ақ олар жасайтын әрекеттерді құжаттауды қамтамасыз ететін цифрлық технологиялар арқылы зерттеулер мен бағалауды жүргізу мақсатында медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

13) қону алаңы – жердің, мұздың, су бетінің, құрылыстың үстіңгі бетінің, оның ішінде қалқымалы құрылыстың үстіңгі бетінің әуе кемелерінің ұшып көтерілуіне, қонуына, жермен жүруіне және тұрағына арналған учаскесі;

14) мамандандырылған әуе кемесі – функционалдық мақсатына және пайдалану сипаттамаларына сәйкес медициналық көмек көрсету үшін өзара үйлесімде қолданылатын аппараттармен, аспаптармен, жабдықтармен, кешендермен, жүйелермен жарақтандырылған, медициналық авиация желісі бойынша мамандандырылған операцияларды орындауға арналған әуе кемесі;

15) медициналық авиация – әуе көлігін тарта отырып, халыққа шұғыл нысанда жедел медициналық көмек беру;

16) медициналық авиацияның мобильдік бригадасы (бұдан әрі – МАМБ) – пациенттерге тікелей төменде аталған медициналық көмек түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін: білікті, мамандандырылған, консультациялық-диагностикалық медициналық көмек және жоғары технологиялық медициналық қызметтер көрсететін медициналық авиацияның құрылымдық-функционалдық бірлігі;

17) медициналық авиацияның үйлестіруші-дәрігері – жоғары медициналық білімі бар, тиісті мамандық бойынша маман сертификаты бар тұлға;

18) медициналық бұйымдар – медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника;

19) медициналық білім беру ұйымы – "Денсаулық сақтау" даярлық бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы;

20) медициналық көрсетілетін қызметтер – денсаулық сақтау субъектілерінің нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдеу, оңалту немесе паллиативтік бағыты бар іс-қимылдары;

21) медициналық мақсаттағы бұйымдар – функционалдық мақсатына және өндірушінің нұсқаулығына сәйкес медициналық көмек көрсету үшін пайдаланылатын материалдар, бұйымдар, ерітінділер, реагенттер, жиынтықтар, жинақтар;

22) медициналық техника – функционалдық мақсатына және өндіруші белгілеген пайдалану сипаттамаларына сәйкес медициналық көмек көрсету үшін жеке немесе өзара үйлесімде қолданылатын аппараттар, аспаптар, жабдық, кешендер, жүйелер;

23) медициналық ұйым – негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

24) мобильді авиацияның мобильдік бригадасының дәрігері – жоғары медициналық білімі, "Жедел және кезек күттірмейтін медициналық жәрдем" және (немесе) "Анестезиология және реаниматология (перфузиология, токсикология) (ересектер)" және (немесе) "Анестезиология және реаниматология (перфузиология, токсикология, неонаталдық реанимация) (балалар)" мамандығы бойынша маман сертификаты бар тұлға;

25) мобильдік камера – аудио-бейне ақпаратты жазуға, сақтауға және көрсетуге арналған құрылғы;

26) пайдаланушы – азаматтық әуе кемелерін пайдаланумен айналысатын немесе осы салада өз қызметтерін ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;

27) санитариялық автокөлік – пациенттерді, алып жүретін медицина персоналын, сондай-ақ кейіннен транспланттау үшін ағзалар (ағзалардың бөліктерін) мен тіндерді тиісті медициналық ұйымдарға тасымалдауға арналған мамандандырылған жерүсті көлік құралы;

28) симуляциялық кабинет (орталық) – денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесі, оның базасында симуляциялық технологияларды: манекендерді, тренажерлерді, компьютерлік модельдеуді, виртуалдық нақтылық технологияларын және пациенттерді бейнелеуге үйретілген, арнайы дайындалған актерлерді қолдана отырып, оқытудың қауіпсіз

ортасында клиникалық практиканы имитациялау жағдайында білім алушылардың практикалық дағдыларын пысықтауы және тапсыруы жүзеге асырылады;

29) төтенше жағдай – адамдардың қаза табуына әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін, олардың денсаулығына, қоршаған ортаға нұқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін, халықты едәуір дәрежеде материалдық шығындарға ұшыратып, тіршілік жағдайын бұзған немесе бұзуы мүмкін апат, қауіпті табиғи құбылыстар, апаттар, зілзала және басқа да жойқын құбылыстар салдарынан белгілі бір аумақта туындаған жағдай;

30) төтенше жағдай – азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарына жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғау мүддесінде ғана қолданылатын және мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметінің ерекше құқықтық режимін білдіретін уақытша шара;

31) трансплантаттау – ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) организмнің басқа жеріне немесе басқа организмге ауыстырып салу;

32) тұрақты рейс – авиакомпания белгілеген және жариялаған кестеге сәйкес орындалатын рейс;

33) Үйлестіруші ұйым – "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 134-бабы 2-тармағының 5) тармақшасы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес айқындалған заңды тұлға;

34) хабардар етілген келісім – адамның медициналық көмек алуға және (немесе) оның шешім қабылдауы үшін маңызы бар медициналық көмектің және (немесе) зерттеудің барлық аспектісі туралы ақпаратты алғаннан кейін нақты зерттеуге қатысуға өз келісімін жазбаша ерікті түрде растау рәсімі. Хабардар етілген жазбаша келісім Кодекстің 1-бабы 279) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша ресімделеді;

35) шұғыл медициналық көмек – денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау және (немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды қажет ететін кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық көмек.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ЖМЖ станциясы (бұдан әрі – ЖМЖС), стационарлық көмек көрсететін

медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелері және медициналық қызметтер көрсететін әуе кемелері конструкторлық және техникалық сипаттамалары бойынша біркелкі медициналық жабдықпен жарақтандырылады.

2-тарау. Жедел медициналық жәрдем көрсету тәртібі

4. "Жедел медициналық жәрдем шақырту" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) жедел медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "103" нөміріне қоңырау соғады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Жедел медициналық жәрдем шақырту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізеді.

5. ЖМЖС диспетчері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес денсаулық жағдайы бұзылған кезде азаматтардан "103" пультінде шақыртуларды қабылдайды. ЖМЖС диспетчері шақыртуды алған сәттен бастап оны өңдеу уақыты бес минутты құрайды, осы уақыт ішінде шақырудың жеделділік санаты бойынша іріктеу жүргізіледі.

6. Жедел медициналық жәрдемді құрамы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес айқындалған фельдшерлік және мамандандырылған (дәрігерлік) бригадалар көрсетеді.

7. ЖМЖС бригадалары ЖМЖС ауысымының аға дәрігеріне бағынады.

8. Ауылдық елді мекендерде ЖМЖ шақыртуларына қызмет көрсету үшін ЖМЖС аудандық кіші станциясының диспетчері жақын жердегі медициналық ұйымдардың мамандары мен санитариялық автокөлікті тартады.

9. ЖМЖС диспетчері қабылдаған шақыртулар осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 4 (төрт) жеделділік санатына бөлінеді:

1) 1 (бірінші) жеделділік санатындағы шақырту – өміріне тікелей қауіп төндіретін, жедел медициналық көмек көрсетуді қажет ететін пациенттің жай-күйі;

2) 2 (екінші) жеделділік санатындағы шақырту – өміріне медициналық көмек көрсетусіз әлеуетті қауіп төндіретін пациенттің жай-күйі;

3) 3 (үшінші) жеделділік санатындағы шақырту – денсаулығына медициналық көмек көрсетусіз әлеуетті қауіп төндіретін пациенттің жай-күйі;

4) 4 (төртінші) жеделділік санатындағы шақырту – жіті ауруынан немесе созылмалы ауруының асқынуынан туындаған, ағзалар мен жүйелердің кенеттен болған және айқын көрінетін бұзылуларыңыз пациенттің өмірі мен денсаулығына тікелей және әлеуетті қауіп төндірмейтін пациенттің жай-күйі.

10. 1, 2, 3-жеделділік санаттарының шақыртулары келіп түскен кезде ЖМЖС диспетчері автоматты басқару жүйесі арқылы шақыртуларды ЖМЖС фельдшерлік және мамандандырылған (дәрігерлік) бригадаларына береді.

11. 4-жеделділік санатының шақыртулары келіп түскен кезде ЖМЖС диспетчері автоматты басқару жүйесі арқылы шақыртуларды медициналық санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымы жанындағы жедел медициналық көмек бөлімшесінің (бұдан әрі – МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшесі) фельдшерлік және мамандандырылған (дәрігерлік) бригадаларына береді.

12. Фельдшерлік және мамандандырылған (дәрігерлік) бригадалардың ЖМЖС диспетчерінен шақыртуды қабылдаған сәттен бастап, пациенттің тұрған жеріне дейін жету уақыты:

1-жеделділік санаты - он минутқа дейінгі;

2-жеделділік санаты - он бес минутқа дейінгі;

3-жеделділік санаты - отыз минутқа дейінгі;

4-жеделділік санаты - алпыс минутқа дейінгі уақытты құрайды.

13. МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшесінің фельдшерлік және мамандандырылған (дәрігерлік) бригадалары МСАК қызмет көрсету аймағындағы адамдарға тәулік бойы медициналық қызмет көрсетеді.

14. 4-жеделділік санатындағы шақыртуларға МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшесі деңгейінде қызмет көрсетіледі. Жиырма мың адамнан кем тіркелген халқы бар МСАК көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында 4-жеделділік санатындағы шақыртуларға қызмет көрсету "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 1-қосымшасының 15-жолына сәйкес осы қызметті жедел медициналық жәрдем көрсетуге лицензиясы бар медициналық ұйымдарға немесе денсаулық сақтау субъектілеріне аутсорсингке беру арқылы жол беріледі.

15. ЖМЖС бригадаларының және МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшесі қызметкерлерінің өміріне және денсаулығына қауіп төнген кезде шақыртуға қызмет көрсету, аумақтық ішкі істер органдары өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Аумақтық ішкі істер органдарының өкілдері болмаған жағдайда ЖМЖС бригадалары және МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшелерінің

диспетчеріне рация және (немесе) мобильдік байланыс арқылы өмірі мен денсаулығына төнген қауіптер туралы хабардар етеді. Шақыртуға одан әрі қызмет көрсету аумақтық ішкі істер органдары өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

16. Тексеріп-қарау, аспаптық диагностика, мамандардың консультациясы, осы жағдайлардың себептері көрсетілетін алдын ала диагноздарға сәйкес жүргізілген емдік іс-шаралардың аясында немесе одан кейін пациент жағдайы динамикасының нәтижелері бойынша ЖМЖС бригадасының немесе МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшесінің фельдшері немесе дәрігері мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

пациентті стационарлық көмек көрсететін (бұдан әрі – стационар) медициналық ұйымға тасымалдау;

пациентті шақырту орнында қалдыру;

пациентті үйде қалдыру (тұрғылықты жері бойынша).

17. Емдеуге жатқызуды қажет етпейтін пациент шақырту орнында немесе үйде қалдырылған жағдайда ЖМЖС бригадасы немесе МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшесі оған одан әрі жүгіну үшін (тұрғылықты жері немесе бекітілуі бойынша) МСАК ұйымына медициналық ұсыныстар ұсынады.

18. Пациент ауырған және пациенттің үйіне учаскелік дәрігердің белсенді баруы қажет болған жағдайда, ЖМЖС бригадасының немесе МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшесінің фельдшері немесе дәрігері МСАК ұйымына ақпаратты (активті) ұсынады және Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша пациентке арналған дабыл парағын толтырады.

19. ЖМЖ бригадасы дәрілік заттарға рецепт жазбай, еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы парақтарды бермей, қайтыс болу фактісін куәландыруды жүргізбей және қайтыс болу туралы қорытынды бермей алкогольдік және есірткілік мас болу мәніне куәландыруды жүргізбей шақыруға қызмет көрсетеді.

20. ЖМЖС бригадасы немесе МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшесі пациентті стационарға тасымалдау туралы шешімді қабылдаған жағдайда ЖМЖС диспетчері стационардың қабылдау бөлімшесін пациенттің жеткізілгендігі туралы хабардар етеді.

21. Пациенттің өміріне қауіп төнген жағдайда (жіті жүрек-тамыр және тыныс алу функцияларының жеткіліксіздігі) оны тасымалдау шұғыл стационарлық медициналық көмек көрсететін жақын жердегі медициналық ұйымның қабылдау бөлімшесіне жүзеге асырылады.

22. Пациентті стационарға тасымалдау кезінде санитариялық автокөлікте оны алып жүруге (бір адамнан көп емес) рұқсат етіледі.

23. ЖМЖС бригадасының немесе МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшесінің фельдшері немесе дәрігері Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек шақырту картасында пациентті жеткізу уақытын белгілейді.

24. Стационарға келуіне қарай ЖМЖС бригадасының немесе МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшесінің фельдшері немесе дәрігері қабылдау бөлімшесінің тіркеу постына Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша жедел медициналық көмек станциясының ілеспе парағын тапсырады.

25. Пациентті бергеннен кейін ЖМЖС бригадасының немесе МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшесінің фельдшері немесе дәрігері ЖМЖС диспетчерін шақыртудың аяқталғаны туралы хабардар етеді.

26. Төтенше жағдайларда жедел медициналық көмек көрсету қажеттілігі жағдайларын қоспағанда, ЖМЖС бригадасының немесе МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшесінің стационардың қабылдау бөлімшесінде болу уақыты ол стационарға келген сәттен бастап 10 минуттан (пациентті қабылдау бөлімшесінің дәрігеріне беру уақыты) аспайды.

27. ЖМЖ бригадасы немесе МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшесі пациентті стационардың қабылдау бөлімшесіне бергеннен кейін мейіргер бірінші кезекте шұғыл медициналық көмек көрсетілетіндерді алға тарта отырып, келіп түскен пациенттерді топтарға (триаж жүйесі бойынша медициналық іріктеу) бөледі.

28. Тriage жүйесі бойынша медициналық іріктеу үздіксіз және сабақтастықпен жүргізіледі. Бір пациенттің жай-күйін бағалау процесі 60 секундтан аспайды. Бағалау аяқталғаннан кейін пациенттер арнайы түрлі-түсті бирка немесе түрлі-түсті лента түріндегі іріктеу санатының бір түсімен белгіленеді.

29. Медициналық іріктеуге сәйкес пациенттер 3 топқа бөлінеді:

бірінші топ (қызыл аймақ) – өміріне тікелей қауіп төнетін немесе нашарлау қаупі жоғары және шұғыл медициналық көмекті талап ететін пациенттің жай-күйі;

екінші топ (сары аймақ) – өміріне әлеуетті қауіп төнетін немесе жағдайдың дамуымен өршуі мүмкін, шұғыл медициналық көмекті қажет ететін пациенттің жай-күйі;

үшінші топ (жасыл аймақ) – өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп жоқ және емдеуге жатқызуды талап етпейтін пациенттің жай-күйі.

30. Тriage жүйесінің медициналық іріктеу нәтижелері бойынша пациент дәрігердің қарап-тексеруі үшін қабылдау бөлімшесінің тиісті аймағына жіберіледі.

31. Бірінші топтың пациенттері қарқынды терапия палатасына келіп түседі, мұнда реаниматолог жедел медициналық жәрдем мамандары жүргізген реанимациялық көмек көрсетуді жалғастырады. Шұғыл операция жасалған жағдайда реаниматолог жалпы наркозды, өңірлік анестезияны, қабылдау бөлімшесінің операция бөлімінің жағдайында жергілікті анестезия жүргізеді, одан әрі пациенттің оянуы үшін анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелеріне тасымалдайды.

32. Жағдайы тұрақталғаннан кейін пациент стационардың бейінді бөлімшесіне емдеуге жатқызылады.

33. Инфекциялық ауруларға күдігі бар пациент жай-күйіне мониторинг жүргізу және науқасты одан әрі қадағалау тәсілін анықтау үшін боксқа орналастырылады. Пациенттер жаппай келіп түскен жағдайда инфекциялық ауруларға күдігі бар пациенттерді дұрыс бөлу үшін (жіті респираторлық вирустық инфекция және ішек аурулары) қарап-тексеру кабинеттерінің бірі инфекциялық бокске қайта бейінделеді.

34. Пациентті стационарға емдеуге жатқызған кезде мейіргер Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша стационарлық науқастың медициналық картасын толтырады және пациентті бейінді бөлімшеге алып жүреді.

35. Стационарға емдеуге жатқызуға көрсетілімдер болмаған жағдайда қабылдау бөлімшесінің дәрігері пациентке қарап-тексеру, консультация беру және диагностикалық зерттеулер нәтижелерін көрсетумен қабылдау бөлімшесінде болуы туралы қорытындыны және одан әрі МСАК ұйымы жағдайында емделу туралы ұсынымдар береді. Бір мезгілде мейіргер МСАК ұйымының тіркеу бөліміне ауру жағдайы туралы хабарлама жібереді және учаскелік дәрігерге Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша дабыл парағын дайындайды.

36. Медициналық персоналдың жедел жұмысын қамтамасыз ету, санитариялық автокөлік пен медициналық жабдықтарды ұтымды пайдалану мақсатында санитариялық автокөлік мынадай кластарға бөлінеді:

А класы: емдік-іс-шараларды жүргізуге және медицина персоналдарының алып жүруімен алдын ала болжам бойынша шұғыл емес пациенттерді тасымалдауға арналған санитариялық автокөлік;

В класы: дәрігерлік (фельдшерлік) бригадалар күшімен жедел медициналық көмектің емдеу іс-шараларын өткізуге, емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде пациенттерді тасымалдауға және жай-күйіне мониторинг жүргізуге арналған санитариялық автокөлік;

С класы: мамандандырылған бригаданың күшімен реанимациялық іс-шараларды және қарқынды терапияны жүргізуге, сондай-ақ пациенттерді және (немесе) білікті мамандарды тасымалдауға арналған санитариялық көлік (реанимобиль).

37. Қажетті кластағы санитариялық автокөлік болмаған жағдайда бригаданың шығуы бар бос санитариялық автокөлік жүзеге асырады. Көшпелі бригада қажетті кластағы санитариялық автокөлік келгенге дейін емдеу іс-шараларын өткізуді жалғастырады немесе пациентті жақын жердегі стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымға тасымалдауды қамтамасыз етеді.

38. Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайлары кезінде санитариялық автокөліктің кедергісіз өтіп кетуін қамтамасыз ету үшін санитариялық автокөлік ЖМЖ бригадасы шыққан кезден бастап шақырту орнына дейін және пациентті стационарға тасымалдау кезінде "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысына сәйкес ең жоғарғы деңгейде арнаулы дыбыстық сигналды (сирена) береді және көк немесе қызыл түсті жарқылдауық маякты іске қосады.

39. Түсті-графикалық схемалар, тану белгілері, жазулар, арнайы жарық және дыбыс дабылдары мемлекеттік заңды тұлғаларға жататын және (немесе) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қызметтер көрсететін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау субъектілерінің ЖМК санитариялық автокөлігіне салынады.

40. Пациент пен персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында санитариялық автокөлік айналымға шығарылғанға дейін дайындаушының зауытында "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентін қабылдау туралы" Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 шешімінің талаптарына

сәйкес көлік құралының сәйкестік сертификатын алумен, оның ішінде соқтығысуға сынақтан өтеді.

41. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ЖМЖС халықтың жүгінуін ескере отырып, 10 мың халыққа 1 бірлік және одан аз есебінен санитариялық автокөлікпен жарақталады. Санитариялық автокөлік радиобайланыс және навигациялық жүйемен жабдықталады.

42. МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшесі бригадаларымен жедел медициналық көмек көрсету пациент орналасқан жерге уақтылы жеткізуді қамтамасыз ететін МСАК ұйымының медициналық көмектің мамандандырылмаған жеңіл автокөлігін пайдалануды көздейді.

43. Санитариялық автокөлікті пайдалануды ЖМЖС бірінші басшысы тек медициналық мақсаттарда ғана қамтамасыз етеді.

44. Облыстық ЖМЖС құрылымына білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық автокөлікпен тасымалдауға байланысты ЖМЖ және медициналық көмек көрсететін ЖМЖ станциясы, ЖМЖ кіші станциялары, ЖМЖ аудандық бөлімшелері және медициналық авиация бөлімшелері кіреді. Республикалық маңызы бар қалалар мен астананың ЖМЖС құрылымына ЖМЖ станциясы және ЖМК кіші станциясы кіреді.

45. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың ЖМЖС құрамында ішкі істер органдары және өңір халқын азаматтық қорғау қызметтерімен, ЖМЖ қосалқы станцияларымен, МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшелерімен, медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелерімен жедел байланыс құралдарымен қамтамасыз етілген және емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша тұрғындарды ақпараттандыратын Call-орталықтар (колл-орталықтар) құрылады.

46. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың ЖМЖС шақыртуларды қабылдау және өңдеу жөніндегі автоматтандырылған басқару жүйелерімен (бұдан әрі – шақыртуларды АБЖ) және навигациялық жүйелер арқылы санитариялық автокөлікке мониторинг жүргізуге мүмкіндік беретін жүйелермен, сондай-ақ абоненттермен диалогтарды компьютерлік жазу жүйесімен және қоңырау келіп түсетін телефон нөмірін автоматты анықтаушымен жабдықталады. Диалог жазбаларын сақтау кемінде 2 жыл жүзеге асырылады.

47. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың ЖМЖС осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес медициналық бұйымдармен және дәрілік заттармен қамтамасыз етіледі және қажетті қоры бар.

ЖМЖ бригадаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ЖМЖС мамандары мобильдік камералармен жарақтандырылады.

48. Ауыл халқына жедел медициналық көмек қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін облыстың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының шешімі бойынша жету қиын елді мекендерде (жол жабындыларының болмауы, таулы жер), медициналық көмекке қол жеткізуден алыс учаскелерде облыстық ЖМЖС қосымша қосалқы станциялары (бөлімшелері) құрылуы мүмкін.

49. Қалалық автокөлік қозғалысы барынша көбейген уақытта жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша ЖМЖ қосымша бригадаларының кезекшілігі ұйымдастырылады. Қоғамдық іс-шараларды өткізу және өзге де жағдайлар кезінде халыққа қызмет көрсету үшін кезекшілік шарт негізде жүзеге асырылады.

50. Медициналық авиация бөлімшесі Кодекстің 121-бабының 2-тармағына сәйкес санитариялық автокөлік арқылы өңірлік және өңіраралық деңгейлерде медициналық қызметтер көрсетеді.

Медициналық авиация бөлімшесінің санитариялық автокөлігін пайдалану үшін негіздері:

пациент тұрған жердегі медициналық ұйымда медициналық бұйымдардың және (немесе) тиісті біліктілігі бар мамандардың болмауына медициналық көмек көрсету мүмкін болмаған кезде;

медициналық көмек көрсетудің екінші және үшінші деңгейлеріндегі мамандарды межелі жерге жеткізу қажет болған кезде;

пациент тұрған жердегі медициналық көмек көрсету мүмкін болмаған және тиімсіз болған кезде науқасты медициналық көмек көрсетудің екінші және үшінші деңгейлеріндегі медициналық ұйымдарға тасымалдау үшін;

кейіннен трансплантаттау үшін ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) тиісті медициналық ұйымға тасымалдау үшін көрсетіледі;

пациентті (терді) және медициналық авиацияның мобильді бригадасын әуе кемесінде өтінімді орындау кезінде әуежайдан медициналық ұйымға санитариялық автокөлікпен және кері тасымалдау болып табылады.

51. Төтенше жағдай режимінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың ЖМЖС:

1) Кодекстің 6-бабының 2) тармақшасына сәйкес ведомствоаралық және сектораралық өзара іс-қимыл шеңберінде әрекет етеді;

2) төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдарларын жою жөніндегі ЖМЖ бригадаларын төтенше жағдай аймағына жібереді;

3) төтенше жағдайларды жою кезінде зардап шеккендерге емдеу-эвакуациялау іс-шараларын өткізеді;

4) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай кезінде зардап шеккендер, медициналық көмек көрсету үшін жүгінген немесе жеткізілген оқиғалар мен жағдайлар, сондай-ақ алынған жарақаттан қайтыс болғандар туралы азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органына және Үйлестіру ұйымына шұғыл ұсынады.

52. Зардап шеккендер саны 3 және одан да көп адам болатын төтенше оқиға кезінде төтенше оқиға орнына бірінші келген ЖМЖ бригадасы бірінші кезекте медициналық іріктеуді жүзеге асырады.

Медициналық іріктеу (триаж) нәтижелері бойынша ЖМЖ бригадасы зардап шеккендерді бұдан әрі көрсетілімдері бойынша медициналық ұйымдарға тасымалдаумен, оларға шұғыл медициналық көмек көрсетеді.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

53. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, Үйлестіруші ұйымның интернет-ресурсына немесе Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) www.dsm.gov.kz интернет – ресурсына немесе мына: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктер Үйі, № 5 кіреберіс мекенжайы бойынша шағым жасау жолымен жасалады.

Шағымның қабылданғанын растау оны қызметті берушінің, Үйлестіруші ұйымның немесе Министрліктің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін қызметті берушінің, Үйлестіруші ұйымның немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

54. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4-тарау. Медициналық авиация нысанында медициналық көмек көрсету тәртібі

55. Медициналық авиация нысанында медициналық көмек көрсету үшін негіздер:

медициналық авиация нысанында медициналық көмекті қажет ететін пациенттің медициналық картасынан көшірме;

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Үйлестіруші ұйымның диспетчеріне медициналық авиация бөлімшесінің үйлестіруші -дәрігерінің өтінімі (бұдан әрі – Өтінім);

шұғыл жағдайларда жазбаша растаумен уәкілетті органның ауызша тапсырмасы;

ЖМЖ қызметінен және басқа да шұғыл қызметтерден шақыртулар болып табылады.

56. Үйлестіруші ұйымда және медициналық авиация бөлімшелерінде тәуліктік диспетчерлік посттар ұйымдастырылады, олар өзара, медициналық ұйымдармен, әуе кемелерін пайдаланушылармен, әуе кемелерінің ұшқыштарымен, медициналық авиацияның мобильді бригадасымен (бұдан әрі – МАМБ) және білікті медицина мамандарымен үнемі байланыс жүргізеді.

57. Медициналық авиация желісі бойынша қызмет көрсететін әуе кемелері әуе кемелерін пайдаланушылармен орындалатын ұшу бойынша деректерді беру үшін трекерлік-навигациялық жүйелермен қамтамасыз етіледі.

58. Медициналық авиация бөлімшесінің диспетчері:

медициналық авиация нысанындағы медициналық көмекті қажет ететін пациенттің келіп түскен медициналық құжаттамасын зерделейді, пациенттің жай-күйін нақтылау үшін қосымша деректерді, қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтердің нәтижелерін, пациенттің динамикадағы жай-күйі туралы ақпаратты сұратады, медициналық көмек көлемін айқындайды;

үйлестіруші ұйымның диспетчеріне ұсыну үшін өтінім қалыптастырады;

үйлестіруші ұйымның диспетчерімен МАМБ құрамын келіседі және бекітеді, өңірлердің медициналық ұйымдарынан білікті бейінді мамандардың ақпараттандырылған келісімін ала отырып, медициналық көрсетілімдер бойынша қалыптастырады;

әуежай өкілдерімен медициналық авиацияның санитариялық автокөлігінің әуежай перронына кедергісіз кіруі және шығуы туралы мәселені келіседі және медициналық ұйымдармен өзара байланысты қамтамасыз етеді;

санитариялық автокөлікте пациентті (терді) МАМБ медициналық ұйымнан әуежайға және әуе кемесінің өзге де орналасқан жеріне дейін тасымалдауды ұйымдастырады;

МАМБ келген кезде қарсы алуды және қабылдаушы медициналық ұйымға алып жүруді ұйымдастырады;

қабылдаушы медициналық ұйымнан МАМБ тағайындау орнына жеткендігі және пациенттің (тердің) ағымдағы жай-күйі туралы ақпаратты сұратады;

трекерлік-навигациялық жүйемен жарақтандырылған әуе кемесінің ұшу бағытын қадағалайды, ұшу аяқталғаннан кейін әуе кемесінің командирімен бірге Үйлестіруші ұйымның диспетчерлік қызметіне шұғыл өтінімді және санитариялық ұшуға тапсырманы орындау туралы есептік ақпаратты ұсынады;

Төтенше жағдайлардың туындауы туралы ақпарат келіп түскен кезде Үйлестіруші ұйымның диспетчерін ақпараттандырады.

59. Медициналық авиация бөлімшесінің диспетчері:

тұрақты аэродромдары жоқ елді мекендерде әуе кемесіне арналған қону алаңын;

қонуды жүзеге асырған және 4 (төрт) сағаттан астам ұшуды күтіп отырған, ұшу-техникалық сипаттамаларына, ауа райы жағдайларына, қараңғы тәулік уақытына байланысты ұша алмау жағдайында әуе кемесін уақытша күзетуді;

ұшу мүмкін болмаған жағдайда демалу үшін әуе кемесі ұшу экипажын, МАМБ орналастыруды ұйымдастыруға қатысады.

60. Жедел медициналық жәрдем қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын Үйлестіруші ұйымның диспетчері, оның ішінде өтінім түскен кезде медициналық авиацияны тарта отырып:

медициналық авиация бөлімшесінің диспетчерінен келіп түскен өтініммен, пациенттің (тердің) медициналық құжаттамасымен танысады, пациенттің (тердің) ағымдағы жай-күйін бағалайды, өтінімнің негіздемесін (медициналық көмектің мақсаты, түрі, көлемі, қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтердің нәтижелері) талдайды, пациенттің жай-күйін нақтылау үшін медициналық авиация бөлімшесінің диспетчерінен қосымша деректерді сұратады, Қазақстан Республикасының тиісті өңіріндегі әуе кемесін пайдаланушының мүмкіндіктерін бағалайды;

азаматтық авиацияның тұрақты рейстерін пайдалана отырып, операция, орналасқан жері бойынша немесе пациенттің өміріне қауіп төнген кезде бетпе-

бет консультация жүргізу үшін білікті бейінді мамандарды тасымалдауды ұйымдастырады;

қажетті медициналық көмектің түріне сәйкес пациентті (терді) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың медициналық ұйымдарына тасымалдау орындылығын, шұғыл медициналық көмек көрсету көлемін және тасымалдау кезінде тәуекелдердің пайда болу дәрежесін айқындайды және медициналық ұшуға жедел тапсырманы орындауды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жүргізеді;

қабылдаушы медициналық ұйымды алдын ала нақтылаумен пациентті (терді) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың медициналық ұйымдарына тасымалдауды ұйымдастырады;

медициналық көрсетілімдер бойынша МАМБ қалыптастырады, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың медициналық ұйымдарынан және медициналық білім беру ұйымдарынан білікті бейінді маманды (дарды) тартады;

медициналық авиация бөлімшесі ұсынған ақпарат бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың медициналық ұйымдарынан тартылған білікті бейінді маман (дар) мен МАМБ құрамын келіседі;

ара қашықтық ұзақтығын, әуе кемесінің түрін анықтайды және әуе кемесін пайдаланушыға жедел өтінім береді, әуе кемесін таңдау кезінде пациенттерді тасымалдауға арналған және жабдықтың стационарлық ең аз тізбесімен жабдықталған әуе кемелері басымдылық тәртіппен қаралады;

әуе кемесін пайдаланушымен әуе кемесінің ұшу уақытын келіседі және санитариялық ұшуға тапсырманы тағайындайды;

әуежай өкілдерімен медициналық авиацияның санитариялық автокөлігінің әуежай перронына кедергісіз кіруі және шығуы туралы мәселені келіседі;

санитариялық автокөлікте пациентті (терді), МАМБ-ты облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың медициналық ұйымдарынан әуежайға дейін және кері тасымалдауды ұйымдастырады;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың медициналық ұйымдарынан кейіннен транспланттау үшін ағзаларды (ағзаның бөлігін) және тіндерді (тіннің бөлігін) алу және кері қайтару бойынша білікті бейінді маманды (мамандарды) әуе кемесінде жеткізуді ұйымдастырады;

өтінімді орындау барысына кедергі келтіретін жағдайлар (техникалық, ұйымдастырушылық, метеорологиялық факторлар) туындаған кезде Үйлестіруші ұйымның басшылығын уақтылы хабардар етеді;

Үйлестіруші ұйымның басшылығын және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органды төтенше жағдайлар туралы хабардар етеді.

61. Пациентті (терді) тасымалдау Кодекстің 1-бабы 279) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша пациенттен (терден) медициналық авиация нысанында медициналық көмек көрсетуге ақпараттандырылған келісімін алғаннан кейін жүзеге асырылады. Кәмелетке толмағандарға және сотпен әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтарға қатысты келісімді олардың заңды өкілдері ұсынады. Ес-түссіз халдегі пациенттерге медициналық көмек көрсету медициналық ұйымның лауазымды адамдарының еркін нысанда хабарламасымен консилиумның немесе өңірдің медициналық ұйымының немесе САМБ дәрігерінің, немесе білікті маманның шешімімен қабылданады.

62. Медициналық авиация нысанында медициналық көмек ұсыну әуе көлігімен білікті бейінді мамандарды межелі жерге жеткізу не пациентті (терді) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың медициналық ұйымдарына тасымалдау, сондай-ақ кейіннен трансплантаттау үшін ағзалар (ағзаның бөлігі) мен тіндерді (тіннің бөлігін) тиісті медициналық ұйымға әуе көлігімен тасымалдау жолымен жүзеге асырылады.

63. Медициналық авиация нысанындағы медициналық көмек кейіннен медициналық қорытынды ұсынумен қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтерді пайдаланатын консультацияны, пациентті (терді) медициналық тасымалдауды, бетпе-бет консультация жүргізу және (немесе) орнында операция жасау мақсатында білікті бейінді маманды (дарды) тасымалдауды қамтиды. Пациентті (терді) оның өміріне қауіп төнген кезде тасымалдау қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтер және (немесе) білікті бейінді маманның (дардың) бетпе-бет консультациясынан кейін жүзеге асырылады.

64. Мамандандырылған немесе арнайы дайындалған әуе кемелерін пайдалану арқылы медициналық авиация нысанында медициналық көмекті көрсету негіздері:

жетуі қиын кезінде (жолдардың болмауы, таулы жер, қажетті медициналық көмектен алыс орналасқан шалғай елді мекендер (учаскелер) және т.б.);

пациенттің (тердің) орналасқан жеріндегі медициналық ұйымда медициналық бұйымдардың және (немесе) білікті бейінді маманның (дардың) жетіспеушілігінен медициналық көмек көрсету мүмкін болмаған кезде;

ЖМЖ көшпелі бригадаларына жер үсті және су көлік түрлерімен медициналық тасымалдауды жүзеге асыру мүмкіндік бермейтін оқиғалар кезінде медициналық көмек көрсету;

жерүсті көлігімен және "Азаматтық авиацияда жолаушыларға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 329 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15323 болып тіркелген) сәйкес азаматтық авиацияның тұрақты рейстерінің әуе кемелерімен тасымалдау мүмкін болмаған кезде және медициналық ұйым хатының негізінде тұрғылықты жері бойынша медициналық ұйымдарда одан әрі емдеуді жалғастыру үшін, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың медициналық ұйымдарына білікті медициналық көмек алған пациентті (терді) тасымалдау. Пациентті тасымалдау осы өңірдің медициналық авиация бөлімшесінен медициналық авиацияны тарта отырып, медициналық қызмет көрсетуге өтінім болған кезде ұйымдастырылады, 18 жасқа дейінгі баланы бір туысының алып жүруіне жол беріледі;

уәкілетті органның хатына сәйкес шетелдік медициналық ұйымдарда өз бетінше тынысы жоқ, комада, жазатайым оқиға мен жарақаттардан зардап шеккен, медициналық алып жүруді қажет ететін, жай-күйі Азаматтық авиацияның тұрақты рейстерін жерүсті көлігімен және әуе кемесімен тасымалдауға мүмкіндік бермейтін Қазақстан Республикасының азаматтары мен қандастарларды, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың медициналық ұйымдарына бір туысының алып жүруіне жол беріледі;

төтенше жағдай туындаған, төтенше жағдай енгізілген кезде шетелде стационарлық емделуде жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың медициналық ұйымдарына тасымалдау;

зертханалық зерттеу үшін биологиялық материалдарды, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар бар жүктерді жеткізу;

уәкілетті органның жазбаша тапсырмасына сәйкес МАМБ-ты, комиссия мүшелерін медициналық-санитариялық салдарларды жою, республикалық деңгейде карантин жариялау бойынша төтенше жағдайлар орындарына және кері жеткізу;

медициналық көмек көрсету (медициналық жабдықтардың және (немесе) білікті бейінді маманның (дардың) болмауына байланысты пациенттің орналасқан жері бойынша медициналық ұйымда (консультация және (немесе) операция, ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алу үшін білікті бейінді маманды (дарды) жеткізу және кері алып келу;

мемлекеттік тапсырмадан тыс шарттық талаптармен тасымалдау болып табылады.

65. Пациенттің (тердің) орналасқан жеріндегі медициналық ұйымда медициналық жабдықтардың және (немесе) тиісті мамандығы және (немесе) білікті бейінді маманның (дардың) жетіспеушілігінен медициналық көмек көрсету (консультация және (немесе) операция, ағзалар (ағзаның бөлігін) мен және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алу үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың медициналық ұйымдарынан білікті бейінді маманды (дарды) жеткізу, рейстердің қолайлы кестесінің, метеожағдайлардың және пациенттің (тердің) жай-күйінің болуын (болмауын) ескере отырып, тұрақты рейстердің әуе кемелерін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

66. МАМБ құрамына дәрігер, фельдшер кіреді, медициналық көрсетілімдер бойынша білікті бейінді маман (дар) тартылады.

67. МАМБ пациентті (терді) тасымалдау кезінде диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес пациенттің (тердің) жағдайына және емдеуіне тұрақты негізде бағалау жүргізеді.

68. Медициналық авиация бөлімшесі мен Үйлестіруші ұйым осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес медициналық бұйымдармен және дәрілік заттармен қамтамасыз етіледі.

69. Медициналық көмек көрсету мақсатында әуе көлігін пайдалану өздігінен де, сонымен бірге Үйлестіруші ұйым мен әуе кемелерін пайдаланушылар арасында жасалған шарттар негізінде де көрсетіледі.

70. Медициналық авиация нысанында медициналық көмек Үйлестіруші ұйым мен денсаулық сақтау субъектілері, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдар арасында жасалған шарттар негізінде көрсетіледі.

71. Денсаулық сақтау субъектілері мен медициналық білім беру ұйымдары Үйлестіруші ұйымға Шартқа сәйкес медициналық авиация нысанындағы медициналық көмек көрсету бойынша тартылатын білікті мамандардың бекітілген кестесін ұсынады.

72. Қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтерді Үйлестіруші ұйым білікті бейінді маманды (дарды) тарта отырып (жабдықтар болған жағдайда), білікті медициналық қорытынды алу үшін, емдеу тәсілін және медициналық авиация нысанында медициналық көмекке көрсетілімдерді айқындау үшін денсаулық сақтау субъектілері, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы медициналық білім беру және ғылым ұйымдары ұйымдастырады.

73. Үйлестіруші ұйымда Қазақстан Республикасының халқына медициналық авиацияны тарта отырып, жедел медициналық жәрдемді уақтылы көрсету үшін қашықтықтан технологияларды пайдалана отырып, ауыр халдегі пациенттерді

мониторингтеу үшін білікті бейінді мамандардан тұратын штаты бар ахуал орталығы құрылады.

Жедел медициналық жәрдем,
оның ішінде медициналық
авиацияны тарта отырып
көрсету қағидаларына
1-қосымша

"Жедел медициналық көмек шақырту" мемлекеттік қызмет стандарты

1	Қызмет берушінің атауы	Денсаулық сақтау субъектілері.
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Денсаулық сақтау субъектілері, ұялы байланыс абоненттік құрылғысы.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Диспетчер шақыртуды алған сәттен бастап оны өңдеу уақыты бес минутты құрайды, оның ішінде шақыртудың жеделділік санаты бойынша іріктеу жүргізіледі. Жедел медициналық жәрдемді шақыртудың жеделділік санатының тізбесіне сәйкес диспетчерден шақыртуды алған сәттен бастап пациенттің тұрған жеріне дейін бригаданың келу уақыты (10 минуттан 60 минутқа дейін).
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Қағаз түрінде/электронды.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Жедел медициналық көмек шақырту.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс кестесі	Тәулік бойы
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер 1) пациенттің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жасы және жынысы; 2) пациенттің жай-күйі бойынша деректер және жазатайым оқиғаның, жаракаттанудың немесе аурудың мән-жайлары; 3) мекенжайы мен телефоны, сондай-ақ пациенттің орналасқан орнына жол жүру жөніндегі болжамды деректер.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	Көзделмеген.
10	Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Денсаулық жай-күйінің бұзылуы жағдайында азаматтардан "103" нөмірі бойынша шақыртулар.

Жедел медициналық жәрдем,
оның ішінде медициналық
авиацияны тарта отырып
көрсету қағидаларына
2-қосымша

Шақыртуларды қабылдау, өңдеу және беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру

1. "103" пультіне шақырту түседі.

2. Тұтқаны диспетчер көтереді, ол:

1) қысқаша сәлемдеседі (өзінің қызметтік нөмірін, болмаған жағдайда – өзінің тегін айтуға);

2) шақыртудың нақты мекенжайын және байланыс телефонын айқындайды;

3) көшедегі пациентке шақырылған жағдайда жалпыға белгілі бағдарларды (көшелер қиылысы, әкімшілік ғимараттар) нақтылайды;

4) байланыс телефонымен (қала, ұялы) жедел көмекті шақырушының деректерін нақтылайды;

5) шақырушыға сауал қояды: пациенттің жай-күйі және ауру жағдайлары немесе жазатайы оқиға жағдайлары туралы қысқаша деректер;

6) егер шақырушыға пациенттің немесе зардап шегушінің төлқұжат деректері белгісіз болса, оның жынысын, шамамен жасын көрсетіледі;

7) шақырту себебін айқындайды;

8) шақыртуды жазып, шақырушыға шақыртуды қабылдау уақытын және екінші рет өзінің қызмет нөмірін, Т.А.Ә (болған кезде) хабарлайды.

3. Диспетчер шақыртуды қабылдағаннан кейін шақырушыға мынадай:

1) ЖМЖ бригадасына пациентке немесе зардап шегушіге кедергісіз жол жүру және қолжетімділікті қамтамасыз ету;

2) ЖМЖ шақырылған бригадасын пәтерге (жеке секторға) кірер жерде немесе кіреберісте қарсы алуды ұйымдастыру;

